

Астананың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етумен айналысатын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Ақмола қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 37

Ақмола қаласына Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесінің берілуіне байланысты және қала шаруашылығын тиімді басқару мен дамытуды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен:
қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік

пакеттерін Ақмола қаласының коммуналдық меншігіне берсін;

"KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесіп, оны кейін Ақмола қаласының коммуналдық меншігіне беру үшін Ақмола қалалық электр желілерінің мүлкін одан бөлектеу балансы бойынша бөлу жолымен "Ақмола РЭК" акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 27 қаңтардағы
N 37 Қаулысына
қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері Ақмола қаласының коммуналдық меншігіне берілетін акционерлік қоғамдардың тізбесі

"Ақмола ЖЭО-2" АҚ

"Ақмола жылу желілері" АҚ

"Ақмола қалалық электр көлігі" АҚ

"N 1 автобус паркі" АҚ

"Қалалық жол құрылысы" АҚ
"Арнаулы автокөлік" АҚ
Ақмола қалалық электр желілерінің мүлкі

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1998.01.30. N 58
қаулысымен.

P980058_

ЕСКЕРТУ. Қосымшадан жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1998.06.29.
N 610 қаулысымен.

P980610_